N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES
ISSN 2224-526X
Volume 2, Number 38 (2017), 184 – 187

S. Kurmanbayev, A. Zhumatai, S. Shukanova

State university named after Shakarim of Semey, Kazakhstan.
E-mail: www.gulnaz87.kz@mail.ru

THE INITIAL INDICATORS OF HYBRID SUNFLOWER SEEDS OBTAINED FROM "MAISADOUR SEMENCES"

Abstract. The article presents the initial parameters of sunflower hybrid "MAISADOUR SEMENCES". The results of proposed adaptive raionirovanie and stable variety for yield, to establish the optimal structure of sown areas of agricultural crops, widely introduce hybrids in production to increase agricultural productivity.
Keywords: hybrid, sunflower, quality, productivity, zoning.

УДК 633.854.78

С. К. Курманбаев, Ә. Ө. Жұматай, С. А. Шуканова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті, Қазақстан

«MAISADOUR SEMENCES-тен АЛЫНҒАН КҮНБАҒЫС ГИБРИДТЕРІНІҢ БАСТАПҚЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ»

Анотация. Мақалада өнімділігі бойынша, бейімделгіш және тұрақты сұрыпты аудандастыру, ауыл шаруашылық дақылдар алқабтарының қолайлы құрылымын орнату, ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыру үшін гибридтерді кеңінен қолданысқа енгізу жқмыстары жөнінде жазылған.
Түйін сөздер: будан, күнбағыс, сапа, өнімділік, аудандастыру.

Кіріспе. Күнбағыс Қазақстан және ТМД мемлекеттерінде маңызды майлы дақылдардың бірі болып келеді. Күнбағыс дәнінен өндірістік май, малға жом, күнжара сияқты ақуыз пайызы жоғары, концентратталған жақсы мал азығы алынады. Жалпы егіс алқабтарының көлемі 500 мың га, соның ішінде Шығыс Қазақстан бойынша 300 мың га жерді алып жатыр.

Күнбағыс өндірудегі басты бағалы өнім ол оның дәндері. Заманауи сұрыптар мен гибридтердің құрамында 49-54% май және 16-17% протеин бар. Күнбағыстың бір алқабынан алынатын май мөлшерімен басқа майлы дақылдардың ешбіреуін салыстыруға келмейді. Тағам өнеркәсібінде май өнімін қолдануда күнбағыстың майы 53% құрайды. Күнбағыс дәнің қайта өңдеуден өткізгеннен кейін, малдарға бағалы концентратталған мал азығы болып келетін, 30-35% жом (жмых) алынады. Гидролиз өнеркәсібінде қабығы да шикізат көзі ретінде қолданыс тапты. Күнбағыстың сабағынан, гүлдеу кезеңінде, силосқа жақсы шикізат алуға болады. Күнбағыс жақсы бал жинағыш, 1 га жерден 30 кг ара балын алуға болады.

Күнбағыс өндірісіндегі жоғары рентабельділігі, тұрақты өтімнің болуы Қазақстанның оңтүстік, батыс және орталық облыстары бойынша ғана емес, солтүстік-шығыс облыстарында да осы дақылды көбейтетін өнеркәсіптер ашуға ынта көбейтілді.

Күнбағыстың заманауи сұрыптары мен гибридтері, дұрыс өсіру технологиясын қолданғанда, жоғары және тұрақты тұқым өнімін бере алады. Сонымен қатар оның өнімділігі көп мөлшерде сұрыптың немесе гибридтің дұрыс таңдалуына және тұқымның сапасына байланысты болып